**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ**
**жанындағы медицина колледжі**

**Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

# СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖГП 02
Пәні: «Қазақстан тарихы»
Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»
Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»
Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»
Мамандығы: 09130200 «Акушерлік іс»
Біліктілігі: 4S09130201 «Акушер»
Мамандығы: 09160100 «Фармация»
Біліктілігі: 4S09120101 «Фармацевт»
Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық Стоматология»
Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»
Курс: 1
Семестр: 1,2
Бақылау түрі: емтихан
Барлық сағат/кредит көлемі: 72/3
Студенттің өзіндік жұмысы: 24
Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы:12
Теориялық: 36

Шымкент, 2025 ж.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.
Хаттама №_1_ «27» _08_ 2025 ж.
Кафедра меңгерушісі: __________ А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.
Хаттама №_1_ «27» _08_ 2025 ж.
Төрайымы: __________ Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.
Хаттама №_1_ «27» _08_ 2025 ж.
Төрайымы: __________ Г.О.Мамбеталиева

**Оқытушылар туралы мәліметтер:**

| № | Аты-жөні | Дәрежесі және лауазымы | Қызметі | Жүргізетін пәні | Эл.мекен-жайы/тел |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сатаев А.Т | Пед.ғылым магистрі | кафедра меңгерушісі | Қазақстан тарихы | amanaman1976@mail.ru 87017748347 |
| 2 | Темирбекова А.К. | Пед.ғылым магистрі | оқытушы | Қазақстан тарихы | aigul.aaigul.1@mail.ru 87014654632 |

**1.1.Кіріспе**

Қазақстан тарихы -бүкіл адамзат тарихының бөлігі,ол дүниежүзілік тарих, Еуразия және Орталық Азия елдерінің тарихына органикалық түрде тоғысады.

Әлемдік тарихи үдерістің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан тарихы пәні Отан тарихының түйінді мәселелерін ашып көрсетуге, және тарихи объективтілік, нақтылық және деректілік негізінде тарихи оқиғаларды салыстырып оған баға бере білуге, бұрынғы өткен және қазіргі фактілерді талдауға мүмкіндік беруде үлкен роль атқаруы тиіс.

**Білім алушыларға қойылатын талаптар:**

- себепсіз сабақтарды жібермеу;
- сырт келбеті жинақы, ұқыпты:
- жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- сабақтарға дайындықпен келу;
- БӨЖ тапсырмаларын кесте бойынша кезінде тапсырып,қорғай білу;
- сабақтарға кешікпеу;
- сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты,жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

Білім алушы аралық бақылауға себепсіз келмеген жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді. Білім алушы ағымдық, аралық бақылаулардан 50% дан төмен алған жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді.

**1.2. Пән мақсаты:**

Тарих пен қоғамның ойдың жаңа табыстарының негізінде еліміздің бүгінгі күнге дейінгі откен тарихи оқиғаларын меңгерту арқылы бүгінгі заман талабына сай білім алушылардың ұлттық сана сезімін арттыру.

Қазақстан Республикасының әлем мойындаған жетістіктерін, стратегиялық міндеттерін меңгертіп, өз елінің тарихын оқып білу арқылы белсенді азаматтық көзқарасын қалыптастыру.

**1.3. Пән міндеттері:**

-адамзат қоғамының даму тарихы туралы білімін қалыптастыру;

-тарихи деректермен жұмыс жасай білу және меңгерген білімдерін шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырып, оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау арқылы ой елегінен өткізуге дағдыландыру және оған өзіндік көзқарастарын білдіру;

-отаны мен халық алдында жауапкершілікті сезінетін азаматтық көзқарастарын қалыптастыру;

- еліне қызмет етуге дайын отансүйгіш, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін және Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың тарихы мен мәдениетін құрметтейтін белсенді азамат тәрбиелеу.

**1.4. Оқытудың соңғы нәтижелері:**

Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күндерге дейінгі және қазақ халқының қалыптасуы мен дамуының негізгі оқиғалары туралы білімін көрсетеді.

Тарих заңдылықтары мен сабақтарының негізгі тарихи фактілері мен даталарының хронологиялық реттілігі туралы білімін.

Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениеті туралы білімін көрсетеді.

- баяндама, эссе, презентациялар дайындауда тесттік және тренингтік тапсырмаларда білімін көрсетеді;
- ақпараттық технологиялар көмегімен (аудио- бейнежазба, электронды почта, БАҚ, интернет) қажетті ақпаратты іріктеу және талдау, өз бетінше іздеуептілігін көрсетеді;
- ҚР Конституциясындағы (1 тарау, 1-9 баптар) «Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі және халық денсаулығы туралы кодексі», «Қазақстан мәдени мұрасы» бағдарламасының негізгі бағыттары және т.б. туралы білімін көрсетеді;
- отан тарихының проблемаларын аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсетеді (тақырыбы таңдау бойынша). Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсетеді.

**1.5. Пререквизиттер:** Мектептік бағдарлама көлеміндегі саяси-тарихи пәндерден алған білім негізі.

**1.6. Постреквизиттер:** Саясаттану және әлеуметтану негіздері, философия және мәдениеттану негіздері, құқық негіздері, экономика негіздері.

**1.7. Тақырыптық жоспар:**

**1.7.1. Аудиториялық сабақтың тақырыптық жоспары**

| № | Тақырып атауы | Мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| | I- семестр | | |
| 1 | Кіріспе. Тарих ғылым және пән ретінде.<br>Алғашқы қауымдық құрылыс және тас дәуіріндегі Қазақстан.<br>Қола дәуіріндегі Қазақстан. Темір дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер. | Қазақстан аумағындағы ежелгі дәуір. Адамның пайда болуы және оның даму эволюциясы. Археологиялық және антропологиялық дәуірлеу.Палеолит дәуіріне сипаттама.Тас ғасырының хронологиялық кезеңдері. Палеолит, мезолит дәуіріндегі шаруашылық,мәдениет және тұрмыс -тіршілік.<br>Тас ғасырын дәуірлерге бөлу.Алғашқы адамдардың әлеуметтік өміріне сипаттама.. неолит, энеолит дәуірлері кезеңіндегі Қазақстан. Неолиттік төңкеріс. Ботай мәдениеті. Тас Қазақстанның археологиялық ескерткіштері.<br>Неолит. Неолит дәуіріндегі археологиялық ескерткіштер және тұрақтар. Жер өңдеу және өндірістің дамуы. Қоғамның әлеметтік өміріне сипаттама. Өнер және діни наным-сенімдер. Энеолит. Қола дәуіріне сипаттама. Андронов мәдениеті (жалпы сипаттамасы және оның кезеңдері). Орталық Қазақстан – ертедегі металлургия орталығы. Қола дәуіріндегі Шығыс, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу. Кейінгі қола дәуіріндегі Беғазы – Дәндібай мәдениеті: өндірістік шаруашылықтың дамуы, мал шаруашылығы мен егіншілік. Қола дәуіріндегі қоныстар, обалар және жерлеу дәстүрі. Қола дәуіріндегі әлеуметтік дифференциация.<br>Темір дәуірінің ерекшеліктері. Жазба деректердегі ежелгі Қазақстан тарихы: одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер. Қазақстандағы ерте темір дәуіріндегісақ тайпалары (хаомаварға, тиграхауда, парадарайя, аримаспылар және т.б.) сармат тайпалары. Шаруашылық түрлері, ертедегі металл өндірісі, зергерлік өнер, қыш өндірісі. Әлеуметтік құрылымы. Скиф үштағаны (триадасы), «Аң стилі».<br>Үйсін мемлекеті, шаруашылығы, әлеуметтік құрылымы, басқа мемлекеттермен қарым-қатынастары, мәдениеті. Қаңлылардың саяси | 2 |

| | | | |
| --- | --- | --- | --- |
| | | тарихы, шаруашылығы, мәдениеті. Сырдария бойындағы археологиялық ескерткіштер.<br>Б.з.б. ІІІ-Іғ. ғұн тайпалары, олардың көршілермен қарым-қатынасы. Ғұндар халықтардың ұлы қоныс аударуы. Ғұн тайпаларының көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасы. Ғұндардың Қазақстанға қоныс аударуы. Шаруашылығы, егіншілік, әлеуметтік құрылысы материалдық мәдениеті. Ғұндардың Мөде тұсында өрлеуі. Ғұндар Европада, Атилла. | |
| 2 | Көне түркілер. Түрік қағанаттары. Түркеш, Қарлұқ. Оғыз, Қимақ қағанаттары.<br>Қарахан мемлекеті, Қарақытайлар. Қыпшақ мемлекеті. Наймандар, керейлер. | Көне түркілер, түрік қағанаты (құрылуы, дамуы, ыдырауы). Батыс және Шығыс түрік қағанаттары. Түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ мемлекеттерінің саяси тарихы, жорықтары,этникалық құрамы, мемлекеттік құрылысы және шаруашылығы.<br>Мемлекеттердің саяси тарихы, этникалық құрамы, мемлекеттің құрылысы және шаруашылығы. Экономикалық сауда мәдени байланыстары. | 2 |
| 3 | Көшпелі рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары. Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде. | Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара байланысы. Қала-дала байланыстары. Қалалар көшпелі және отырықшы өркениеттерді жалғастыратын, жақындастыратын көпір. Жібек жолы ынтымақтастық жолы. Қазақстан аумағында ислам дінінің таралуы. Халық ауыз әдебиеті, ақындар мен жыраулар (Асанқайғы, Қазтуған, Спыра, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар жыраулар) эпикалық жырлар,музыка өнері, қолданбалы өнер, ұлттық салт-дәстүрлер.<br>Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри.<br>Монғолдардың Қазақстанға басып кіруі, жаулап алуы. Отырардың күйреуі. Ұлыстық жүйе.Монғол шапқыншылығының зардаптары. | 2 |
| 4 | Қазақстан Алтын Орда құрамында.<br>XIV-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер | Жошы-Қыпшақ ұлысы державасы (Алтын Орда) Қазақстан Алтын Орда құрамында.<br>Аумағы және рулық құрамы,ішкі және сыртқы саяси тарихы.<br>Ақ Орда, Ноғай ордасы (Маңғыт жұрт), Моғолстан, көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы) Дешті –Қыпшақ. Мемлекеттердің саяси тарихы, этникалық құрамы, шаруашылығы. | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Қазақ халқының қалыптасу тарихы. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы.<br>Қазақ хандары хронологиясы. | Қазақ халқының қалыптасу тарихы. «Этнос», «этногенез», «этноним» ұғымдарының мазмұны. Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдері. Қазақ жүздері, ру тайпалық құрамы. «Қазақ» этнонимі. Тарихи деректер.Қазақ халқынын антопологиялық және тілдік сипаты.<br>Хандықтың қалыптасуының алғышарттары. Қазак жұртының өзбек ұлысынан бөлінуі. Қазак хандығының құрылуы және саяси тарихы. Керей мен Жәнібек хандар-қазақ мемлекетінің негізін қалаушылар. Қазақ хандығы туралы жазба дерек Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-и-Рашиди» атты еңбегі. Қазақ хандығына 550 жылдығы қарсаңындағы туындаған тарихи тың мәліметтер.<br>Қазақ хандығының нығаюы. Қасым хан саясаты. Хақназар хан – қазақ- қырғыз ханы. Есім ханның ескі жолы.Тәуке хан саясаты. | 2 |
| 6 | Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік құрылымы.<br>XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы. | Хандықтың мемлекеттегі басқару жүйесі,хандык билік, әлеуметтік құрылымы. «Ақсүйек» және «қарасүйек» институттары. Салықтар мен міндеткерліктер түрлері. Әдеп құқығы және «Жеті жарғы».Қазақ қоғамындағы мүліктік және әлеуметтік айырмашылықтар.Мүліктік қатынастар.<br>Әбілхайыр хан саясаты. А.И.Тевкелев елшілігі. Ресейдің отарлау шаралары. Кіші жүздің Ресейге өтуі. Қазақ-орыс сауда байланыстары. Абылай ханның ішкі-сыртқы саясаты. | 2 |
| 7 | Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар.<br>XIX ғасырдың II ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. | XIX ғ.I жарт. патшалық Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы», 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы». Хандық биліктің жойылуы. Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары.<br>1867-1868 жж. «Уақытша ережелер», 1886,1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер».<br>Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары- әкімшілік аймақты басқарудағы жергілікті биліктің әлсіреуі. Генерал-губернаторлықтар.<br>Реформалардың отарлық мәні. Тұрғындардан өлкенің шұрайлы жерлерін тартып алуы, казак | 2 |

| | | | |
| --- | --- | --- | --- |
| | | әскері мен орыс шаруаларының Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. Қазақстанға XIX ғ. II жарт. Ресейлік және XX ғ.басында шетелдік капиталдың ене бастауы.Тау кен өндірісі. Темір жол құрылысы. Капиталистік қатынастардың дамуы. | |
| 8 | XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс.<br>С. Датұлы көтерілісі. (1783-1797жж.)<br>XIX ғ. I жарт. ұлт-азаттық қозғалыстар.<br>И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы басшылығымен болған ұлт-азаттық көтеріліс (1836-1838 ж.) | Сырым Датұлы бастаған қозғалыс. (1783-1797ж). Игельстром реформасы.<br>С.Датұлы – көрнекті қайраткер, көтеріліс басшысы. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, кезеңдері және оқиғалары,жеңілу себептері, қорытындылары. Тарихи маңызы.<br>Кіші жүзде Жоламан Тіленшіұлы жетекшілігімен болған қозғалыс. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, қорытындылары.Бөкей Ордасында Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басшылығымен болған ұлт-азаттық көтеріліс (1836-1838 ж.).Тастөбе, Ақбұлак шайқастары. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі,көтерілістің басталуы, кезеңдері және оқиғалары,жеңілу себептері. Тарихи маңызы. | 2 |
| 9 | XIX ғ. К. Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. (1837-1847 жж.)<br>XIX ғ. соңындағы ұлт-азаттық қозғалыстар. Ж.Нұрмұқамедұлы басқарған көтерілісі.<br>1916 ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс | Кенесары Қасымұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847ж). Ұлт-азаттық қозғалыстың алғышарттары және себептері. Кенесары хандығы.<br>Көтерілістің негізгі оқиғалары, патша үкіметінің көтерілісті басып жаншуға жасаған әрекеті, азаттық жолындағы қозғалыстың жеңілу себептері. К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының тарихи маңызы.<br>Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған Сырдария қазақтарының көтерілісі.1867-1868 жж.Орал және Торғай облыстарындағы көтерілістер.1870 жылғы Маңғыстаудағы көтеріліс.<br>1916 жылғы көтерілістің алғышарттары,себептері,көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты,кезеңдері. Көтерілістің көрнекті басшылары- А.Иманов, Әбдіғаппар Жанбосынов, Бекболат Әшекеев, Жәменке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Кейкі Көкімбайұлы т.б. Көтерілістің барысы, негізгі | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ошақтары.Көтерілістің жеңілу себептері, зардаптары. Патша үкіметінің жазалаушы әскерінің бейбіт халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтары, көтерілістің тарихи маңызы. | |
| | №1 аралық бақылау | 1-9 тақырыптар бойынша аралық бақылау жұмысы | 1 |
| 10 | 1917 төңкерістер. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы<br>Саяси партиялардың қалыптасуы мен қызметтері. | 1917 ақпан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір. Қос өкімет. 917 жылғы қазан төңкерісі. Қазақстанда кеңес үкіметінің орнауы. «Ақ және қызыл» террор.<br>ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар. «Үш жүз», «Ислам жолындағы кеңес» (Шуро-и-Ислам), «Алаш партиялары және олардың қызметі. | 2 |
| 11 | Ұлттық автономиялардың құрылуы.<br>Шетелдік интервенция және азамат соғысы кезіндегі қазақ өлкесі.Қазақ АКСР-нің құрылуы | Алаш үкіметінің құрылуы. «Алаш» автономиясы және «Алашорда Халық кеңесі».Алашорда үкіметі. Қоқан автономиясының құрылуы және «Түркестани мұхтариат» үкіметі. ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлттық зиялылар тобының саяси қызметі және ұлттық-демократиялық қозғалыстар. Саяси тұлғалар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, т.б. Қазақ баспасөзі.<br>Шетелдік интервенция және азамат соғысы. Қазақ өлкесіндегі майдандар. «Әскери коммунизм» саясаты. Кеңес үкіметінің күш қолдан шаралары (азық-түлік салғырты, еңбек міндеткерлігі, азық-түлікті реквизициялау т.б.) Жер мен өнеркәсіп кәсіорындарын мемлекетттік меншікке алу. «Әскери коммунизм» саясатының экономикалық салдары.<br>Қазақ АКСР-нің құрылуы.Қазақ жерлерінің АКСР құрамында біріктірілуі және ондеғы зиялылардың қызметі. Қазақ АКСР-нің құрылуының тарихи маңызы. | 2 |
| 12 | Қазақстандағы индустрияландыру бағыты<br>Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік-Голощекиндік үлгісі. Ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары. | 1921 жылғы жұт пен ашаршылық. «Жаңа экономикалық саясат» және оның әсері. ЖЭС-ті тоқтату және оның қорытындылары.<br>Индустрияландыру және ауыр өнеркәсіпті қалпына келтіру шаралары.<br>Қазақстандағы индустрияландыруды жүзеге асырудағы туындаған қиындақтар, жетістіктер. | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Түркісіб темір жол магистралы. Қазақстан жұмысшы тобының қалыптасуы, өнеркәсіп саласының озаттары мен жаңашылдары.<br>Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік-Голощекиндік үлгісі. Көшпелі қазақтарды күштеп отырықшыландыру (седентаризация). Ф.И. Голощекин және «Кіші Қазан». Қазақ зиялы қауымының «Кіші Қазан» саясатына қарсы күресі.<br>1930-1932 жылдардағы ашаршылық. Қазақстандағы қасірет. Аштықпен күрес. | |
| 13 | XX ғасырдың I-жартысындағы саяси қуғын-сүргін. Қазақстанға халықтарды депортациялау.<br>XX ғасырдың ортасындағы зиялы қауым өкілдерін қудалау. | 1920-1930 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін. Оппозицияны қырып жою. 1937-1938 жж. жаппай қуғын-сүргін. ГУЛАГ жүйесіндегі Қазақстан. Қазақстан аумағынадғы еңбекпен түзеу лагерлері (Степлаг, Карлаг, АЛЖИР т.б.)<br>1940-1950 жылдардығы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін.<br>«Хрущев кезеңіндегі» және тоқырау жылдарындағы ғылым және шығармашылық зиялы қауым өкілдерін қудалау. Е.Бекмаханов, Қ.Сатбаев т.б. 1975 ж. «АЗиЯ» О.Сүлейменов. | 2 |
| 14 | Қазақстан майдан арсеналы Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында | Экономиканың әскер жағдайға өтуі. Өнеркәсіп орындарының Қазақстан аумағына көшірілуі. Соғыс жылдарындағы құрылыстар. Жеңіс қоры. Соғыс мұқтаждықтарын қамтамасыз ету шаралары.<br>Ерлік көрсетуші дивизиялар. Б.Момышұлының сұрапыл жылдар туралы естеліктері. Қазақстандықтар-Совет Одағының қаһарман батырлары. Қазақстандықтардың ұлы Жеңіске қосқан үлестері. Қазақтардың партизан қозғалыстарына қатысуы. Соғыстан кейінгі жылдардағы бейбіт құрылысқа көшу. Қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру бесжылдығы. Екінші дүниежүзілік соғыстың халық санына тигізген әсері. | 2 |
| 15 | 1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық саяси өмір<br>Тоқырау жылдарындағы | Республикадағы қоғамдық саяси өмір. «Жылымық» жылдары.Н. Хрущевтің аграрлық саясаттағы «жаңа бағыты» және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы. Тың және тыңайған жерлерді | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қазақстан<br>Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде. | игеру (1954-1956жж.). Тың игерудің экономикалық, экологиялық салдары. Индустриялық даму. Тың жерлерді игерудің Қазақстандағы демографиялық жағдайға әсері.<br>60- жылдардағы шаруашылық реформалары және олардың тағдыры. Д.А.Қонаевтың қызметі. 1960-1980 жылдар аралығындағы өнеркәсіптің дамуы. Жоспарлы экономиканың зардаптары. Арал қасіреті.<br>М.С.Горбачев саясатының ұрандары. 1986 жылғы Алматы қаласындағы желтоқсан көтерілісінің себептері, зардаптары,тарихи маңызы. Желтоқсан көтерілісінің батырлары (Қайрат Рысқұлбеков және т.б). «Невада-Семей қозғалысы» 1989 ж. 1989 жылғы маусымдағы Жаңаөзен қаласындаңы наразылық. | |
| 16 | Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістер.<br>Экономиканы тұрақтандыру (1998-2001 жж.)<br>Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы. | «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жөніндегі» декларацияның қабылдануы. Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі. КСРО -ның ыдырауы, ТМД-ның құрылуы. Мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік егемендік пен президент институтының нығаюы. ҚР. басқару формасы және билік тармақтары.<br>Нарықтық қатынастарға көшу- мемлекеттік меншікті жекешелендіру. Инвестициялық саясат және Қазақстандағы шетелдік инвестициялар, кәсіпкерліктің дамуы, шағын және орта бизнес. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы экономикалық дамудың қорытындылары (жетістіктер мен мәселелер).<br>Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері, көпвекторлы сыртқы саясат. Қазақстан-дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі. Елбасының «Еуропаға жол» бағдарламасы.<br>Әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық одақтастықты орнату (РФ.,ҚХР.,АҚШ.,ЕС). Шанхай бірлестігі. Халыаралық қауіпсіздік. Қазақстан- ядролық қарудан бас тартқан мемлекет. Қазіргі кездегі әлемдегі терроризм. Қазақстан- бүкіл әлемдік қоғамдастық төрағасы. (ЕЫҚҰ), (ИКҰ). Біркелкі Кеден Одағына ену- Ресей, Беларуссия. | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайы<br>Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты. | Қазақтардың тұңғыш дүниежүзілік бас қосуы. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары. «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы. Қазақтардың өз атамекеніне оралу кезеңдері, проблемалары, Н.Ә.Назарбаевтың съезде сөйлеген сөздері.<br>2006-2010 жылдарға арналған халық шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары. Жаңа экономикалық саяси бағыт «Нұрлы жол» - 30 дамыған ел қатарына кіру қадамы. Қазақ елінің Ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел». Елбасының «Тәуелсіздік толғауы» - Қазақстан Ортазиялық кеңістіктегі Еуропаланған модернизацияланған ел. | 2 |
| 18 | Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті. | Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы» заңдарының қабылдануы. «Болашақ мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы». Қазақстан Республикасындағы «Мәдени мұра 2004-2006» бағдарламасы. | 1 |
| | №2 аралық бақылау | 10-18 тақырыптар бойынша аралық бақылау жұмысы | 1 |
| | **Барлығы:** | | 36 |

## 1.7.2. Студенттің педагогпен өзіндік жұмысының тақырыптық жоспары

| № | Тақырып атауы | Мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| | **I- семестр** | | |
| 1 | Темір дәуірінің ерекшеліктері. | Темір дәуірінің ерекшеліктері. Жазба деректердегі ежелгі Қазақстан тарихы: одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер. Қазақстандағы ерте темір дәуіріндегісак тайпалары (хаомаварға, тиграхауда, парадарайя, аримаспылар және т.б.) сармат тайпалары. Шаруашылық түрлері, ертедегі металл өндірісі, зергерлік өнер, қыш өндірісі. Әлеуметтік құрылымы. Скиф үштағаны (триадасы), «Аң стилі». | 1 |
| 2 | Дамыған ортағасырлық мемлекттер: Қарахан, Қыпшақ мемлекеті | Мемлекеттерінің саяси тарихы, этникалық құрамы, мемлекеттің құрылысы және шаруашылығы. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Қыпшақ мемлекеті. Экономикалық сауда мәдени байланыстары. | |
| 3 | XIV-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер | Ақ Орда, Ноғай ордасы (Маңғыт жұрт), Моғолстан, көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы) Дешті –Қыпшақ, Мемлекеттердің саяси тарихы, этникалық құрамы, шаруашылығы. | 1 |
| 4 | XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы. | XVII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қатынастары, жоңғарлардың қазақ жеріне басып кіруі. XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары». Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрестері. Бұланты және Аңырақай шайқастары. Жоңғар шапқыншылығын жеңіспен аяқтаудың тарихи маңызы. Жеңісті ұйымдастырушылар (Әбілхайыр, Абылай хандар, батырлар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, билер – Төле Әлібекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Әйтеке Бәйбекұлы және Бұқар жырау). Әбілхайыр хан саясаты. А.И.Тевкелев елшілігі. Ресейдің отарлау шаралары. Кіші жүздің Ресейге өтуі. Қазақ-орыс сауда байланыстары. Абылай ханның ішкі-сыртқы саясаты. | 1 |
| 5 | 1916 ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс | 1916 жылғы көтерілістің алғышарттары,себептері,көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты,кезеңдері. Көтерілістің көрнекті басшылары- А.Иманов, Әбдіғаппар Жанбосынов, Бекболат Әшекеев, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Кейкі Көкімбайұлы т.б. Көтерілістің барысы, негізгі ошақтары.Көтерілістің жеңілу себептері, зардаптары. Патша үкіметінің жазалаушы әскерінің бейбіт халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтары, көтерілістің тарихи маңызы. | 1 |
| 6 | Саяси партиялардың қалыптасуы мен қызметтері. | XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар. «Үш жүз», «Ислам жолындағы кеңес» (Шуро-и-Ислам), «Алаш партиялары және олардың қызиеті. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Қазақ АКСР-нің құрылуы | Қазақ АКСР-нің құрылуы.Қазақ жерлерінің АКСР құрамында біріктірілуі және ондағы зиялылардың қызметі. Қазақ АКСР-нің құрылуының тарихи маңызы. | 1 |
| 8 | Ұжымдастырудың әлеуметтік- экономикалық зардаптары. | 1930-1932 жылдардағы ашаршылық Қазақстандағы қасірет. Аштықпен күрес. | 1 |
| 9 | Қазақстанға халықтарды депортациялау. | КСРО-ның сталиндік тоталитарлық жүйесі кезінде жүзеге асқан зорлық-зомбылық саясаты. Қазақстанға халықтарды депортациялаудың негізгі кезеңдері. 1930 және 1940 жылдары Қазақстанға басқа халықтарды депортациялау. | 1 |
| 10 | Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде. | М.С.Горбачев саясатының ұрандары. 1986 жылғы Алматы қаласындағы желтоқсан көтерілісінің себептері, зардаптары,тарихи маңызы. Желтоқсан көтерілісінің батырлары (Қайрат Рысқұлбеков және т.б). «Невада-Семей қозғалысы» 1989 ж. 1989 жылғы маусымдағы Жаңаөзен қаласындаңы наразылық. | 1 |
| 11 | Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы. | Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері. көпвекторлы сыртқы саясат. Қазақстан-дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі. Елбасының «Еуропаға жол» бағдарламасы. Әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық одақтастықты орнату (РФ.,ҚХР.,АҚШ.,ЕС). Шанхай бірлестігі. Халыаралық қауіпсіздік. Қазақстан- ядролық қарудан бас тартқан мемлекет. Қазіргі кездегі әлемдегі терроризм. Қазақстан- бүкіл әлемдік қоғамдастық төрағасы (ЕЫҚҰ), (ИКҰ). Біркелкі Кеден Одағына ену-Ресей, Беларуссия. | 1 |
| 12 | Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті. | Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы» заңдарының қабылдануы. «Болашақ мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы». Қазақстан Республикасындағы «Мәдени мұра 2004-2006» бағдарламасы. | 1 |
| | **Барлығы** | **12** | 12 |
| | | | |

### 1.7.3. Студенттің өзіндік жұмысының тақырыптық жоспары

| № р/с | Тақырып/тақырыпшалар | Тапсырма/ жүргізу түрі | Бақылау түрі | Бақылау кестесі | Сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|
| | **I- семестр** | | | | |
| 1 | Қола дәуіріндегі Қазақстан. | Презентация | Ауызша-жазбаша | 2-апта | 2 |
| 2 | Қазақ даласының даналары. | Презентация | Ауызша-жазбаша | 3-апта | 2 |
| 3 | Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы. | Реферат | Ауызша-жазбаша | 4-апта | 2 |
| 4 | XIX ғасырдың II ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. | Презентация | Ауызша-жазбаша | 5-апта | 2 |
| 5 | И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы басшылығымен болған ұлт-азаттық көтеріліс (1836-1838 ж.) | Реферат | Ауызша-жазбаша | 6-апта | 2 |
| 6 | «Үш жүз», «Ислам жолындағы кеңес» (Шуро-и-Ислам), «Алаш партиялары және олардың қызметі. | Презентация | Ауызша-жазбаша | 7-апта | 2 |
| 7 | Азамат соғысы кезіндегі қазақ өлкесі. | Презентация | Ауызша-жазбаша | 8-апта | 2 |
| 8 | XX ғасырдың ортасындағы зиялы қауым өкілдерін қудалау. | Презентация | Ауызша-жазбаша | 10-апта | 2 |
| 9 | Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында | Реферат | Ауызша-жазбаша | 12-апта | 2 |
| 10 | Тоқырау жылдарындағы Қазақстан | Реферат | Ауызша-жазбаша | 14-апта | 2 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Экономиканы тұрақтандыру (1998-2001 жж.) | Презентация | Ауызша-жазбаша | 16-апта | 2 |
| 12 | Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты. | Реферат | Ауызша-жазбаша | 17-апта | 2 |
| | **Барлығы** | | | | 12 |

**1.8. Оқыту әдістері:** (шағын топша, дискуссия, презентация, кейс-стади, жобалау)
**Теориялық сабақтар:** ауызша сұрау, әңгімелеу, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

**1.9.** Білімгерлердің білімін және дағдыларын бағалау әдістері: тестілеу, ауызша сұрау, жағдаяттық есептер, бағаланатын сұхбат.

1. Сабақта білімді бақылаудың бірнеше формалары қолданылады. Журналға орташа баға қойылады.
2. Бақылау түрлерінің бірі бойынша (ағымдағы бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өту балын (50%) жинамаған білім алушылардың пән бойынша емтиханға жіберілмейді
3. Қорытынды рейтинг пән бойынша емтиханға жіберу 50 балдан (60%) кем болмауы тиіс, ол ағымдағы бақылаудың орташа бағасы (40%) + аралық бақылаудың орташа бағасы (20%) негізінде автоматы түрде есептеледі.
4. Аралық бақылау: тестілеу, ауызша, жазбаша түрде бақылау жұмысы 9 және 18 аптасында өткізіледі.

| Әріптік жүйемен бағалау | Баллдың сандық эквиваленті | Пайыздық өлшем | Дәстүрлі жүйемен бағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4.00 | 95-100% | Өте жақсы |
| A- | 3.67 | 90-94% | |
| B+ | 3.33 | 85-89% | Жақсы |
| B | 3.00 | 80-84% | |
| B- | 2.67 | 75-79% | |
| C+ | 2.33 | 70-74% | |
| C | 2.00 | 65-69% | Қанағаттанарлық |
| C- | 1.67 | 60-64% | |
| D+ | 1.33 | 55-59% | |
| D | 1.00 | 50-54% | |
| F | 0.00 | 0-49% | Қанағаттанарлықсыз |

**Теориялық сабақты бағалау критерийлері**

| **Бақылау түрі** | **Бағалау** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| Жазбаша немесе ауызша | **Өте жақсы**<br>А (4,0; 95-100%);<br>А- (3,67; 90-94%) | Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, қорытындылай алғанда еш қателік жібермегенде қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды. |
| | **Жақсы**<br>В+ (3,33; 85-89%);<br>В (3,0; 80-84%)<br>В- (2,67; 75-79%)<br>С+ (2,33; 70-74%) | Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктерді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда, тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшіліктер жібереді. |
| | **Қанағаттанарлық**<br>С (2,0; 65-69%)<br>С- (1,67; 60-64%)<br>D+ (1,0; 50-54%) | Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз. Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлсіздіктер жібереді. |
| | **Қанағаттанарлықсыз**<br>F (0; 0-49%) | Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді. |

**Студенттің педагогпен өзіндік жұмысын бағалау критерийлері**

| Бақылау түрі | Бағалау | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|
| Жағдаяттық тапсырмаларды шешу, Эссе, Жоба әзірлеу, Ғылыми және мұрағаттық материалдарды талқылау, мерзімдік | Өте жақсы<br>А (4,0; 95-100%);<br>А- (3,67; 90-94%) | - материалды терең білуді көрсетеді;<br>- ситуациялық міндеттерді шешуге және оларды талқылауға белсенді қатысады;<br>- ситуациялық есепті шешудің оңтайлы жолын таңдайды;<br>- өз шешімін дәлелдейді;<br>- сұрақтарға логикалық, сауатты жауап береді және оларды қояды. |
| | Жақсы | материалды білуді көрсетеді; |

| | | |
| --- | --- | --- |
| материалдарды талқылау. | B+ (3,33; 85-89%);<br>B (3,0; 80-84%)<br>B- (2,67; 75-79%)<br>C+ (2,33; 70-74%) | - ситуациялық міндеттерді шешуге және оларды талқылауға қатысады;<br>- ситуациялық есепті шешудің оңтайлы жолын таңдайды;<br>- өз шешімін дәлелдейді;<br>- сұрақтарға сауатты жауап береді және оларды қояды.<br>- принципиалды емес қателіктер жібереді, кейбіреулері мұғалімнің жетекші сұрақтарында дербес түзетеді. |
| | Қанағаттанарлық<br>C (2,0; 65-69%)<br>C- (1,67; 60-64%)<br>D+ (1,0; 50-54%) | -материалды толық білмегендігін көрсетеді; -ситуациялық міндеттерді шешуге және оларды талқылауға аз қатысады;<br>- ситуациялық мәселені шешудің оңтайлы жолын таңдай алмайды;<br>- өз шешімін дәлелдемейді;<br>- сұрақтарға толық жауап бермейді;<br>- мұғалімнің жетекші сұрақтарында да өз бетінше түзете алмайтын қателіктер жібереді. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>F (0; 0-49%) | -материал туралы білімнің жоқтығын көрсетеді;<br>- ситуациялық міндеттерді шешуге және оларды талқылауға қатыспайды;<br>- ситуациялық мәселені шешудің оңтайлы жолын таңдай алмайды;<br>- өз шешімін дәлелдемейді;<br>- сұрақтарға толық жауап бермейді;<br>- ситуациялық мәселелерді шешуде және оларды талқылауда түбегейлі өрескел қателіктер жібереді.<br>- топтың жұмысына қатыспайды. |

**Аралық бақылауды бағалау критерийлері**

| **Бақылау түрі** | **Бағалау** | **Бағалау критерийлері** |
| --- | --- | --- |
| Ауызша-жазбаша | Өте жақсы<br>A (4,0; 95-100%);<br>A- (3,67; 90-94%) | Білім алушы сұрақ бойынша нақты, сауатты, теориядан ауытқымай, тақырып бағыты бойынша барлық сұраққа жауап береді. Сонымен қатар оқытушының қосымша сұрақтарына да сауатты, логикалық жауап береді. |
| | Жақсы<br>B+ (3,33; 85-89%);<br>B (3,0; 80-84%)<br>B- (2,67; 75-79%)<br>C+ (2,33; 70-74%) | Білім алушы сұраққа толық жауап бермей, қағидалық емес қателіктер жіберіп,оны өзі түзеп отырады, бағдарламалық материалды оқытушының көмегімен жүйелей алды. |
| | Қанағаттанарлық<br>C (2,0; 65-69%)<br>C- (1,67; 60-64%) | Білім алушы сұраққа толық жауап бермей, қағидалық емес қателіктер жіберіп, оқытушы көмегімен түзеп отырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | D+ (1,0; 50-54%) | Қосымша сұрақтарға жауап кезінде қателіктер жіберді. Білімі оқытушы көрсеткен оқу әдебиеті шеңберінде, материалды жүйелеу кезінде үлкен қиыншылықтарға ие болды. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>F (0; 0-49%) | Білім алушы сұраққа жауап беру кезінде қағидалық қателіктер жіберіп, оны түзей алмады,сонымен қатар тақырып бойынша негізгі материалды өңдемеген, пәннің ғылыми әдебиетін қолдана алмайды. Оқытушының сұрақтарына жауап беруде стилистикалық және дөрекі қателіктер жіберді. |

**Емтиханды бағалау критерийлері**

| **Бақылау түрі** | **Бағалау** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| **Тест** | **Өте жақсы**<br>А (4,0; 95-100%);<br>А- (3,67; 90-94%) | 95-100% дұрыс жауаптары |
| | **Жақсы**<br>В+ (3,33; 85-89%);<br>В (3,0; 80-84%)<br>В- (2,67; 75-79%)<br>С+ (2,33; 70-74%) | 70-89% дұрыс жауаптары |
| | **Қанағаттанарлық**<br>С (2,0; 65-69%)<br>С- (1,67; 60-64%)<br>D+ (1,0; 50-54%) | 50-69% дұрыс жауаптары |
| | **Қанағаттанарлықсыз**<br>F (0; 0-49%) | 50% кем дұрыс жауаптары |

**Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері**

| **Бөлім атауы** | **Бөлімше атауы** | **Оқыту нәтижелері** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| **I Бөлім.**<br>Ерте дәуірдегі Қазақстан | Тарих ғылым және пән ретінде.<br>Алғашқы қауымдық құрылыс және тас дәуіріндегі Қазақстан.<br>Қола дәуіріндегі Қазақстан.<br>Темір дәуіріндегі Қазақстан.<br>Қазақстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер. | Тарихи кезеңдерді түсінуіне, ежелгі тайпалар мен олардың мәдениетін тануына бағытталады.<br>Хронологияны меңгеру<br>Мәдени жетістіктерді тану.<br>Әлеуметтік құрылымды түсіну.<br>Қазақстан аумағындағы ерте өркениеттер туралы білім алу. | -Ерте дәуір кезеңдерін (палеолит, мезолит, неолит, энеолит, қола дәуірі, темір дәуірі) ажырата біледі.<br>-Олардың уақыттық шекарасын анықтай алады.<br>-Еңбек құралдарының жасалуын, тұрмыс-тіршілікті сипаттайды.<br>-Тарихи ескерткіштер мен археологиялық табыстардың маңызын түсінеді (мысалы, Беғазы-Дәндібай мәдениеті, Андронов мәдениеті).<br>- Тайпалардың рулық қауымдастық, көсемдік билік және діни наным-сенімдерін сипаттай алады.<br>-Сақ, үйсін, қаңлы секілді тайпалар мен олардың өмірі, әскери ісі, мәдениеті жайлы білім алады.<br>Қола дәуіріндегі Қазақстанды зерттеудегі ғалымдардың пікірлерін талдайды . |
| **II Бөлім. Қазақстан аумағындағы VI-XV ғасырлардағы мемлекеттер.** | Көне түркілер. Түрік қағанаттары.<br>Түркеш, Қарлұқ. Оғыз, Қимақ қағанаттары.<br>Қарахан мемлекеті, Қарақытайлар.<br>Қыпшақ мемлекеті. Наймандар, керейлер. | Орта ғасырлардағы саяси, әлеуметтік және мәдени дамуды түсінуіне бағытталады. | VI–XV ғасырлар аралығында құрылған түрік және түркі-моңғол мемлекеттерінің құрылу реті мен уақытын біледі (мысалы: Түрік қағанаты, Қарахан мемлекеті, Қыпшақ хандығы, Алтын Орда, Ак Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы т.б.).<br>Әр мемлекеттің саяси құрылымы, билік жүйесі мен ішкі-сыртқы саясатын сипаттай алады.<br>Билеушілердің (Бумын, Қарахан, Білге қаған, Батый хан Тоқтамыс, Жәнібек пен Керей) рөлін түсінеді.<br>Картада мемлекеттердің орнын таба алады, тарихи оқиғаларды ретімен орналастырады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **III Бөлім. Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы.** | Қазақ халқының қалыптасу тарихы. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы. Қазақ хандары хронологиясы. | Қазақ халқының қалыптасуын түсінеді;<br>Қазақ хандығының құрылу себептері мен барысын түсінеді;<br>Қазақ хандығының нығаю кезеңдерін сипаттайды;<br>Қазақ халқының этникалық құрамын біледі; | - Этникалық және мәдени бірегейліктің қалыптасуындағы тарихи жағдайларды сипаттай алады.<br>- Әбілхайыр хандығындағы саяси жағдай, Керей мен Жәнібектің бөлінуі.<br>- 1465–1466 жылдары Қазақ хандығының құрылуын біледі.<br>- Хандықтың алғашқы территориясы мен астанасы (Жетісу, Шу бойы) туралы ақпарат береді.<br>- Қасым хан, Хақназар хан, Тәуке хан тұсындағы ішкі-сыртқы саясатты меңгереді.<br>- «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» сияқты заңдарды түсінеді.<br>- Үш жүздің (Ұлы, Орта, Кіші) тарихи негізін түсінеді.<br>- Тайпалық құрылым мен рулық жүйе туралы біледі. |
| **IV Бөлім. Ресей империясының құрамында.** | Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік құрылымы. | Қазақстанның Ресейге қосылу барысын түсінеді; | Қазақ хандығының басқару жүйесі мен билік иелерінің (хан, сұлтан, би, батыр) рөлін біледі.<br>-Хандықтың әлеуметтік құрылымы: ақсүйектер, қараша халық, қауым мүшелері туралы түсінік алады |
| | XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы. | | -Жоңғар шапқыншылығының себептері, барысы және зардаптарын біледі.<br>-Қазақ-жоңғар соғыстарының негізгі кезеңдері мен шешуші шайқастарын («Ақтабан шұбырынды», Аңырақай шайқасы) сипаттайды.<br>-Ресей империясының Қазақстанға қатысты отарлау саясатының кезеңдерін біледі (1731 жылы Кіші жүздің, кейін Орта және Ұлы жүздің қосылу процесі).<br>- Әбілқайыр ханның Ресейге арқа сүйеу себептерін түсінеді. |
| | Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар. | Ресей отарлауының салдарын талдайды; | Саяси дербестіктің жойылуы, хандық биліктің тоқтауын (1822, 1824 ж. реформалар) сипаттайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | XIX ғасырдың II ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары | | - Жергілікті басқару жүйесінің өзгеруі (аға сұлтан, болыс, округтік басқару)<br>- Жер мен салық саясатының өзгеруі, шаруалар қоныстануын түсінеді.<br>-Қазақстандағы жаңа қалалар мен әскери бекіністердің салынуын,<br>-Мал шаруашылығынан егіншілікке көшу, сауда қатынастарының дамуын,<br>-Өнеркәсіп, сауда, ауыл шаруашылығы дамуының ерекшеліктерін,<br>- Қалалар мен көлік қатынасының дамуын сипаттайды. |
| **V Бөлім. Қазақ халқының патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістері.** | XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс.<br>С. Датұлы көтерілісі. (1783-1797жж.)<br>XIX ғ. I жарт. ұлт-азаттық қозғалыстар.<br>И. Тайманұлы мен М Өтемісұлы басшылығымен болған ұлт-азаттық көтеріліс (1836-1838 ж.) | Ұлт-азаттық қозғалыстарды сипаттайды;<br>Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық ықпалын түсінеді; | -Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет, Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістердің себептері мен маңызын түсінеді.<br>-Қарсылық қозғалыстарының нәтижесін талдайды. |
| | XIX ғ. К. Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. (1837-1847 жж.) | | Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің себептері мен маңызын түсінеді. |
| | XIX ғ. соңындағы ұлт-азаттық қозғалыстар. Ж.Нұрмұқамедұлы басқарған көтерілісі. | | XIX ғ. соңындағы ұлт-азаттық қозғалыстар. Ж.Нұрмұқамедұлы басқарған көтерілісі. |
| | 1916 ж. Қазақстандағы ұлт- азаттық көтеріліс | | -1905–1907 жж. революция кезіндегі қазақ зиялыларының әрекеттерін сипаттайды.<br>- 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің себептері, барысы мен салдарын талдайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1917 төңкерістер. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы | XX ғасыр басындағы тарихи жағдайды сипаттайды;<br>Ұлт-азаттық қозғалыстарды түсінеді;<br>XX ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды сипаттайды; | 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінің себептері мен маңызын түсінеді; |
| **VI. Бөлім. XX ғасырдың басындағы Қазақстан.** | Саяси партиялардың қалыптасуы мен қызметтері. | | Ресей империясының отарлық саясатының Қазақстанға ықпалын түсінеді.<br>- Жер мәселесі, аграрлық дағдарыс және қоныс аудару саясатын біледі.<br>- Патшалық Ресейдегі әлеуметтік-саяси дағдарысты сипаттайды.<br>- Уақытша үкімет пен большевиктер арасындағы қайшылықтарды біледі.<br>Қазақ зиялыларының қызметін бағалайды;<br>- Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай т.б.<br>- «Алаш» қозғалысының идеялық негіздерін түсінеді. |
| | Ұлттық автономиялардың құрылуы.<br>Шетелдік интервенция және азамат соғысы кезіндегі қазақ өлкесі.Қазақ АКСР-нің құрылуы | Қазақ АКСР-нің құрылу үдерісін сипаттайды,тарихи маңызын түсінеді; | -XX ғасырдың басындағы ұлттық автономиялар құру қозғалыстары мен олардың пайда болу себептерін біледі.<br>- "Алаш автономиясы", Түркістан (Қоқан) автономиясы секілді құрылымдардың тарихымен танысады.<br>-Алаш қозғалысы мен Алаш партиясының ұлт мүддесін қорғаудағы рөлін түсінеді.<br>- Алашорда үкіметінің құрылуы және қызметі туралы мәлімет |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | береді.<br>-Кеңес өкіметінің ұлттық аймақтардағы басқару саясатын сипаттайды.<br>-Қазақ жерлерін біріктіру қажеттілігін түсінеді.<br>-1920 жылы 26 тамыздағы РКФСР БОАК пен ХКК-нің декретін біледі.<br>- 1920 жылы 4 қазандағы Орынборда өткен Құрылтай съезінің шешімдерін біледі. |
| | Қазақстандағы индустрияландыру бағыты<br>Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік-Голощекиндік үлгісі. Ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары. | Индустрияландыру саясатының мәнін түсінеді;<br>Қиындықтары мен зардаптарын | -1920–30 жж. Кеңестік индустрияландырудың мақсатын (ауыл шаруашылығы елін өнеркәсіптік мемлекетке айналдыру) сипаттайды.<br>-Бұл саясаттың Қазақстандағы қолданылу ерекшеліктерін түсінеді.<br>-Қарағанды көмір бассейні, Риддер, Балқаш, Жезқазған, Теміртау, Ембі кәсіпорындары.<br>-Түркістан-Сібір темір жолының (Түрксіб) маңызын сипаттайды.<br>-Жергілікті халықтың мүддесінің ескерілмеуі, шикізаттық бағытта дамуы.<br>-Экологиялық, әлеуметтік салдарға назар аударады.<br>-1920–30 жж. Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының мәнін, жүргізілу жолдарын және мақсатын біледі.<br>-Ұжымдастырудың қазақ халқы үшін ауыр әлеуметтік-экономикалық зардаптарын түсінеді. |
| **VII Бөлім. XXғасырдағы саяси қуғын-сүргін және халықтар депортациясы.** | XX ғасырдың I-жартысындағы саяси қуғын-сүргін. Қазақстанға халықтарды депортациялау.<br>XX ғасырдың ортасындағы зиялы қауым өкілдерін қудалау. | Саяси қуғын-сүргіннің себептері мен кезеңдерін түсінеді;<br>Қазақ зиялыларының қуғындалуын сипаттайды; | 1920–1950 жж. кеңестік репрессия саясатының мәнін түсіндіреді.<br>-«Халық жауы», «контрреволюционер» ұғымдарының қолданылуын біледі.<br>-Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин т.б. қайраткерлердің репрессияға ұшырауын біледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Қуғын-сүргін мен депортацияның салдарын талдайды; | - «Алаш» қозғалысына қарсы бағытталған саяси қудалауларды сипаттайды.<br>-Қазақ қоғамының саяси, демографиялық және мәдени өміріне тигізген әсерін түсінеді.<br>Көпұлтты қоғамның қалыптасуындағы рөлін анықтайды.<br>-1980–1990 жж. қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары мен олардың тарихи бағасын сипаттайды. |
| **VIII Бөлім. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан.** | Қазақстан -майдан арсеналы.<br>Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майдандарында | Ұлы Отан соғысының басталу себептері мен барысын түсінеді;<br>Қазақстанның ҰОС жылдарындағы КСРО экономикасының дамуына қосқан үлесі айқындау<br>Соғыстың зардаптары мен маңызын түсінеді; | Қазақстан аумағына өнеркәсіптік кәсіпорындарды эвакуациялау мен орналастырудың негізгі кезеңдері туралы білімдерін көрсетеді;<br>-1941–1945 жж. соғыстың кезеңдерін және негізгі оқиғаларын сипаттайды.<br>- Кеңес Одағына төнген қауіп пен Қазақстан халқының жұмылдырылуын түсінеді.<br>- Адам шығыны, халықтың тұрмысы мен экономикаға әсері.<br>- Жеңістің тарихи маңызы мен тағылымын бағалайды. |
| **IX Бөлім. XX ғ. екінші жартысындағы Қазақстан.** | 1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық саяси өмір<br>Тоқырау жылдарындағы Қазақстан<br>Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде. | Хрущёв, Брежнев кезеңдеріндегі саяси-экономикалық жағдайды сипаттайды;<br>Ұлттық саясат пен қазақ халқының жағдайын бағалайды; | -Тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының себептері мен салдарын түсінеді.<br>- Кеңестік басқару жүйесінің ерекшеліктерін біледі.<br>-Одақтас республикалар арасындағы теңсіздік, ана тілінің шектеулі қолданылуы.<br>- 1950–80 жж. демографиялық және ұлттық саясаттың әсерін сипаттайды.<br>-Жаңаөзен оқиғасы (1979), қазақ жастарының ұлттық сана-сезімінің оянуы.<br>- Тіл, жер және мәдени автономия мәселелері. |
| **X Бөлім. Тәуелсіз Қазақстан. 1991-2015 жж.** | Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістер. | Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізу жолын және 1991–2015 жылдар | Елде жүргізілген реформаларды (саяси, экономикалық, әлеуметтік) сараптайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Экономиканы тұрақтандыру (1998-2001 жж.)<br>Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы.<br><br>Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайы<br><br>Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты. | аралығындағы маңызды саяси, экономикалық, әлеуметтік оқиғаларды біледі. | Кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарындағы өзгерістерді салыстырады.<br>-Тәуелсіз Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатындағы жетістіктері мен қиындықтарын қорытындылайды.<br>-Мемлекеттік рәміздердің, Ата заңның, «Мәңгілік Ел» идеясын ұғыну арқылы азаматтық ұстанымы қалыптасады.<br>Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі сыртқы саясаттағы басты бағыттарын біледі.<br>-Негізгі халықаралық ұйымдарға мүшелігін және көпвекторлы сыртқы саясаттың мәнін түсінеді.<br>– Қазақстанның көршілес елдермен, ТМД, БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ТҰҰ сияқты ұйымдармен қарым-қатынасын талдайды.<br>-Ядролық қарусыздану мен бейбіт саясаттағы Қазақстанның үлесін бағалайды.<br><br>-Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайының шығу тарихын, мақсат-міндеттерін біледі.<br>-1992 жылдан бастап өткен құрылтайлардың мазмұны мен маңызын сипаттайды.<br>Шетелдегі қазақ диаспорасы мен тарихи Отаны арасындағы байланыстардың нығаю жолдарын түсінеді.<br>-Құрылтайдың ұлттық бірлік пен мәдени жаңғырудағы рөлін ұғынады.<br><br>-Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі экономикалық даму сатыларын және жаңа экономикалық бағыттардың мазмұнын біледі (индустрияландыру, «Нұрлы жол», «Қазақстан–2050», «100 нақты қадам», т.б.). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Экономикалық реформалардың елдің әлеуметтік жағдайына, жұмыс орындарына, инвестиция мен инновацияға әсерін түсінеді. |
| Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті. | | | -Әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялау контекстінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамытудың проблемалары мен перспективаларын талдау. |

**1.10. Материалдық-техникалық жабдықтау**

1. Интерактивті тақта
2. Мультимедиялық проектор
3. Дербес компьютер, ноутбук, смартфон
4. Бейнефильмдер, аудиожазбалар, презентациялар

**1.10.1 Негізгі әдебиеттер**

1.Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с

2.Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет

3.Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет

4.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.

5.Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XYII ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.

6.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С

7.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С

8.Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С

9.Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.

10.Берденова К. А. История Казахстана : учебное пособие / К. А. Берденова, Р. К. Турысжанова, Т. М. Попоав. - 2-е изд. - Алматы : Medet Group, 2023. - 296 с

11. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

**1.10.2 Қосымша әдебиеттер**

1.Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с

2.Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.

3.Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы

4.Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.

5.Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.

6.Дүкенбаева З. О. Қазақстың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.

7.Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек . - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8.Репина Л.П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9.Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені /. - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12.Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

**3.10.3. Электронды басылымдар:**

1.Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. **https://elib.kz/ru/search/read_book/458/**
2.Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с **https://elib.kz/ru/search/read_book/490/**
3.Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с **https://elib.kz/ru/search/read_book/65/**
4.История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. **https://aknurpress.kz/**
История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 **https://aknurpress.kz/**
5.**Қазақ елі тарихы.Примбетова Е.У., 2019** **https://aknurpress.kz/**
6.Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 **https://aknurpress.kz/**
7.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. **http://rmebrk.kz/**
8.Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. **http://rmebrk.kz/**
9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б **http://rmebrk.kz/**
10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. **http://rmebrk.kz/**
11.Халидуллин Гизатулла Хаймолдаевич История Казахстана **https://mbook.kz/en/index_brief/3/**
12.Жұмақаева Бахыт Даулетханқызы Қазақстан тарихы **https://mbook.kz/en/index_brief/4/**

**Интернет-ресурстар**

1.«Duolingo» сайт
2.«Memrise» портал
3.«Udemy» сайт
4.«edX» сайт
5.«Қазақстан тарихы» порталы https://e-history.kz/kz/
6.ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы www.kazneb.kz